

## ҚОҒАМ АРАСЫНДА ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН КИИҢҮ ӘДЕБИ

**Сайфудинова Насиба**

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қазақ тілі мен әдебиеті  
бағытының 1-курс студенті

**Кошанова Нилуфар**

Ғылыми жетекші:

### АННОТАЦИЯ

Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі киім кию мәдениеті жайында сөз өрбиді. Киім киюдің өзіндік нормалары жайлы сөз қозғалады. Еуропа елдері мен біздің елдің стильдік ерекшеліктеріне мән беріледі. Қазақ халқының ұлттық киімдері мен құндылықтары туралы мәселе қозғалады.

**Кілт сөздер:** қоғам, дүние, толық, ұлт, жұрт, киім, уақыт, мұражай, құндылық.

### ABSTRACT

One of the pressing issues in society is the culture of wearing clothes. There is a discussion about the specific norms of wearing clothes. Emphasis is placed on the stylistic features of European countries and our country. The issue of national clothes and values of the Kazakh people will be discussed.

**Keywords:** society, world, complete, nation, people, clothes, time, museum, value.

### КІРІСПЕ

Қазақ халқында ежелден келе жатқан дәстүрлі мәдениеті ұлттық киім. Ол белгілі бір халықтың тұрмыс-салтының көрінісі. Қазіргі күнде ұлттық киімдер мен заманауи киімдерді қосқан түрдегі киімдер шығып жатыр. Қоғамда әртүрлі кәсіп, мамандық, сала бар. Әр қайсысының өзіндік киім үлгілері бар. Біздің елге киім үлгілері де, киімнің түрлері де шеттен кіріп келеді. Бүкіл әлемдік брендке айналған Гучи, Армани фирмаларының киімдерін киіп жүр. Қыз баласының мінез-құлқына әсер ететін үлкен бір дүние – киім кию үлгісі. Қасиетті Құранда:

«Мүмін әйелдерге де айт! Бөтен еркектерден көздерін төмен түсірсін! Әрі ұятты жерлерін харамнан сақтасын! Олар тек өздігінен көрініп тұрғаннан басқа әшекейлерін көрсетпесін! Және орамалдарын басына салып, онымен омырауларын жапсын! Әрі олар әшекейлерін көрсетпесін! Тек күйеулеріне,

немесе әкелеріне, немесе күйеулерінің әкелеріне (яғни қайын аталарына), немесе ұлдарына, немесе күйеулерінің (басқа әйелдерден туған) ұлдарына, немесе аға-інілеріне, немесе аға-інілерінің ұлдарына, немесе әпке-сіңлілерінің ұлдарына, немесе мұсылман әйелдерге, немесе құлдарына, немесе әйел керек қылмайтын еркектерге, немесе әйелдердің ұятты жерлерін білмейтін жас балаларға көрсетсе онда оған рұқсат. Өздерінің жасырған әшекейлері біліну үшін аяқтарымен жерді тепсініп жүрмесін! Әй, мүміндер! Табыста болуларың үшін барлығың Аллаға тәуба етіңдер!» – делінген.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлем бізді мұсылман ел, халқы мұсылман деп біледі. Біз болсақ қарапайым қағидаларды біле бермейміз, білсек те оған амал қылмайтын шығармыз. Солардың ішінде тілге тиек ететіні киіну әдебі. Қазірде сәнге айналып, дүние жүзіне танымал болған сан түрлі брендтер әйелдер киімі мен ерлер киімін ешқандай айырмасын шығарып жатыр. Солардың ішінде "Фила" "Гучи" фирмаларының киімдерін ажыратпай кие береміз. Шет елмен біздің арамызда айтарлықтай айырма бар. Қарапайым мысал: шет елде джинсыды қара жұмысқа кие, біздің елде джинсыдан тігілген киім кию сәнге айналған. Немесе шарифат бойынша киіп жүрген хиджаб. Оның да өз нормалары бар, біздің елде мұндай киімді әркім өз қалауы, түсінігі бойынша киіп жүр. Ұлттық киімдер киюді болса, бара-бара қойдық. Уақыт өткен сайын ұлттық киімдерді тек қана мерекелерде ғана киетін болдық. Қазақ халқының құндылықтары, киімдері мен әшекей бұйымдары тарих беттеріне жазылып, мұражайларда сақталып жатыр. Бұл дегені, біздің ұл немесе жалпылай біздің халық ұлттық құндылықтарды менсінбей ме? Немесе Еуропа халқына еліктеп солардың киімін киіп, істегенін істеп, тіпті тойлардың өзін солардан аудармай істеп жүргені ме? Рас, даму, өсу цивилизация деп жатамыз бірақта, шет елге еліктейміз деп өз жұртымыздың, ұлтымыздың тағдырын қалай өзгертіп жатырмыз. Ол киімдердің көбісі шарифатқа да, адамдыққа да дұрыс келмейді. Өзіміздің ұлттық киімдерге не жетсін. Бұл сөзіммен ұлттық киім киюді дәріптеп жатқаным емес. Алайда, киінудің де өзіндік нормалары бар. Қыз баласының киімінен ата-анасының берген тәрбиесі көрінсе, ер кісінің киімінен әйелінің тазалығы көрінеді. Киіну әдебі тікелей тәрбиеге, жанұяға да байланысты. Киім адамның сәні. Орыс халқында бір сөз бар: "Киіміне қарап күтіп алады, мәмілеңе қарап шығарып салады",-дейді. Дана халқымыз адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырақ,-деп босқа айтпаған. Адамның киген киімі оның санасы мен ішкі жан дүниесінен хабар береді. Киім әуелі адамның денесін жауып тұруы үшін ойлап табылған. Қазіргі күнде үстіміздегі киімнің жарасымдылығына әрі киілу мезгіліне тіпті, түсіне де мән береміз. Есі дұрыс адам тойға киетінін ойға киіп бармайды. Қазақ

халқы ежелден қыз баланың тәрбиесіне жүріс-тұрысына, киген киіміне ерекше мән берген. Қызға қырық үйден тыйым,- деген мақалдан білуге болады. Қыз баланың етегі қашан да ұзын болу керек.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын болсақ, адамзатқа ақылы қашан да ортақ, ақылды адам арын қорғайды демекші, киіміңізге қарап ақылыңыз бен арыңыз өлшенеді. «Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарай шығарып салады» дегендей, жарасымды да сәнді киінудің маңызы зор. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғайды. Киімдер тұтыну мақсатына қарай дәстүрлік және белгілі бір салаға, мақсатқа, әр ұлттың ерекшелігін көрсетуде қолданылады. Киім дегенді Алла Тағала тарапынан түскен нығметтерінің бірі деп білуіміз керек. Киімді кигенде оның түр-түсіне де аса мән берген жөн. Ашық түсті киімдер кім-кімге де ажарына ажар берері анық. Сондықтан да, кейбір ұлттық талғам мен дәстүр киімдегі ою-өрнектерден айқын сезіледі. Тіпті шапан, қалпақ, кимешек, етік, мәсі, бешпент, көйлек, шекпен, камзол, шалбар секілді көптеген киім түрлері адамның тегін, қай аймақтан екенін танытқан. Осы киім түрлерінің ұлттық киім кию мәдениетінде алатын өз орны, атқаратын қызметі және соған сәйкес қолдану жолдары да бар. Қазақ киімі – ғасырлар бойы өзіндік ерекшеліктерін дәстүрдің озық үлгілерінде қалыптастырып бізге жеткен заттық – тұрмыстық мәдениеттің асыл қазынасының бір көрінісі.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)**

1. Жолдасбекова С.А. «Кастюм тарихы» Ш., М.Әуезов атындағы ОҚМУ 2004ж
2. Сапар Төленбаев, Маргарита Өмірбекова «Ою – өрнектердің жасалуы»
3. Нұрқанат Нұрдаулетов «Киіну әдебі» мақаласы
4. Жәнібеков Ө. «Қазақ киімі», Алматы 1996ж
5. Асанова С. «Қазақтың ұлттық киімдері» Алматы Атамұра 1995ж